

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 ақпандағы N 152 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К.Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2009 жылғы	16 ақпандағы
N 152 қаулысымен	
бекітілген	

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары 1. Миссия және көкжиек

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) миссиясы - бұл экономикалық саясатты қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау мен басқару жүйесін дамыту.

Көкжиек - Қазақстан Республикасының әлемнің барынша бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына енуіне ықпал ететін тиімді мемлекеттік басқару жүйесі бар экономиканың сапалы, теңгерімді өсуі.

2. Ағымдағы жағдайды талдау 2.1. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту

Ескерту. 2-1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.11 N 2083 Қаулысымен.

ЖІӨ-нің 2007 жылы нақты өсуі 2006 жылғы 10,7 %-бен салыстырғанда 8,9 %-ды құрады. Экономиканың өсуінің жартысына жуығы құрылыс және қаржы қызметтері

саласының жоғары үлесімен қамтамасыз етілді.

2006 жылғы 29,5 %-бен салыстырғанда 2007 жылы ЖІӨ-нің құрылымындағы өнеркәсіп үлесі төмендеп, 28,3 %-ды құрады. Оның ішінде ЖІӨ-нің құрылымындағы тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлесі 16,1 %-дан 15,1 %-ға, қайта өңдеу өнеркәсібі тиісінше - 11,6 %-дан 11,5 %-ға төмендеді.

2008 жылы Қазақстан экономикасы әлемдік қаржы нарығындағы, энергия ресурстары мен азық-түлік тауарлары нарықтарындағы баға конъюнктурасының аса тұрақсыздығы жағдайында дамыды.

Әлемдік қаржы дағдарысы және соның салдарынан болған көптеген елдер экономикасының рецессиясы Қазақстан экономикасының қарқынды өсуінің баяулауына себеп болды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2008 жылы ЖІӨ өндірісі 2007 жылмен салыстырғанда 3,3 %-ға өсті, бұл 2007 жылға қарағанда 5,6 пайыздық тармаққа төмен.

Экономиканың жекелеген секторларындағы кредит беру және белсенділіктің төмендеуіне алып келген сыртқы қарыз алу күрт қысқарған жағдайдағы әлемдегі инвестициялық және іскерлік белсенділіктің төмендеуі Қазақстан экономикасының дамуына өзінің белгілі бір әсерін тигізді.

Негізінен дағдарыс кредитке барынша тәуелді салалардың дамуына әсер етті - бұл құрылыс, қаржы қызметтері, сауда.

2008 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2007 жылмен салыстырғанда 2,1 %-ға ұлғайды. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 5,5 %-ға, электр энергиясын, газ және су өндіру мен бөлуде - 5,4 %-ға ұлғайды.

Сонымен қатар, өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің 2,9 %-ға төмендеуі байқалып отыр. Энергия ресурстарына бағаның өсуі, әлемдік тауар нарықтарындағы сұраныстың төмендеуі, өндірісті дамытуға арналған кредиттерді тартуға байланысты проблемалар құрылыс материалдарын, көлік құралдары мен қара металлургия өндіру көлемінің төмендеуіне алып келді.

Өтімділіктің жаһандық тапшылығын тудырған қаржы дағдарысының екінші толқыны әлемдік қаржы жүйесінің аясынан шығып, нақты секторға едәуір кері әсерін тигізді. Осының нәтижесінде әлемдік экономиканың өсу қарқынының айтарлықтай баяулауы байқалып отыр, осының салдарынан тауарлар мен қызметтерге жаһандық сұраныс төмендеп отыр.

Бұл отандық экономиканың тұрақтандыру және сауықтыру бойынша жаңа қосымша шаралар қабылдауды талап етеді.

Қазақстан экономикасының перспективалы секторлары туралы инвесторлардың хабардар болу деңгейі төмен деңгейде болып отыр, осының салдарынан аталған секторларға инвестициялар жеткілікті түрде тартылмауда.

1993 жылдан 2008 жылғы 1-тоқсан аралығы кезеңінде барлығы 72,3 млрд. АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестициялар (бұдан әрі - ТШИ) тартылды. Бұл

Орталық Азия өңіріндегі барлық ТШИ-дің 80 %-ы. 2007 жылы ғана елге 17,5 млрд. АҚШ доллары тартылды, яғни өткен 2 жылды қоса алғандағымен бірдей.

1997 жылдан бастап шетелдік инвестициялардың негізгі массасы өндіруші өнеркәсіпке жіберілді, бұл ретте, өңдеуші өнеркәсіпке өнеркәсіпке жіберілген инвестициялардың небәрі 4 %-ы ғана жіберілді. Осы салаға инвестициялық салымдар деңгейінің төмендеуі есебінен ЖІӨ-нің құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 2003 жылғы 14,2 %-дан 2008 жылдың тоғыз айында 12,5 %-ға дейін төмендеді, өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде 2003 жылғы 42,9 %-дан 2008 жылғы 36,1 %-ға д е й і н а з а й д ы .

Осы уақытқа дейін шағын және орта бизнестің әлеуеті толығымен іске асырылмауда. Оған әсер еткен факторлардың бірі шағын және орта бизнесті кредиттеу көлемінің төмендеуі, ставканың өсуі салдарынан кредиттің қол жетімсіздігі және рұқсат беру және салық жүйесінің жетілмегендігі болып табылады.

Кәсіпкерлікті дамытуды жандандыру мақсатында әкімшілік кедергілерді азайту және "Doing Business" рейтингісінде Қазақстанның позициясын арттыру үшін Қазақстандағы бизнес ортаны дамыту жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды іске асыруды жалғастыру қажет.

Дүниежүзілік экономикалық форум есебінің 2008 жылғы қорытындысы бойынша елдің бәсекеге қабілеттілік рейтингісінің төмендеуі орын алды. 2007 жылы 61 орынға ие болған Қазақстан 134 елдің ішінде 66 орынға ығысты.

Ел позицияларының нашарлауының негізгі себептерінің бірі ретінде "Макроэкономикалық тұрақтылық" факторын бөліп көрсетуге болады. Тұтастай алғанда , бұл экономикадағы құрылымдық сәйкессіздіктердің әсер ету трендінің жалғасуының н ә т и ж е с і б о л ы п т а б ы л д ы .

Жалпы алғанда елдің және атап айтқанда оның экономикасының ілгері дамуын айтарлықтай тежейтін келесі проблема - экономиканың мемлекеттік секторының жеткіліксіз тиімділігі. Қазіргі жағдайда әсіресе мемлекеттік институттардың сапасы елдің бәсекеге қабілеттілігін анықтаушы шарт болып табылады.

2007 жылы мемлекеттік сектордағы кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі жоспарының орындалуын талдау 314 республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тек 192 (61 %) - рентабельді, 73 (23 %) - шығынды, 49 (16 %) - нөлдік нәтижеге ие екендігін көрсетті.

Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын 148 акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) 86 (58 %) - рентабельді, 42 (28 %)-шығынды, 20 (14 %) нөлдік нәтижеге ие.

Мониторинг нәтижелері 2008 жылдың қорытындылары бойынша жарғылық капиталына мемлекет қатысатын 129 акционерлік қоғамның тәуелсіз директорлар институтын - 74 (57,4 %) енгізген, корпоративтік басқару кодексін - 84 (65,1 %) акционерлік қоғам қабылдаған.

Аталған проблемаларды шешу үшін Министрлік қызметінің бірінші стратегиялық бағыты Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту болып белгіленді.

2.2. Мемлекеттік басқару және жоспарлау жүйесін жетілдіру

Ескерту. 2-2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.11 N 2083 Қаулысымен.

Мемлекеттік басқарудың қолданыстағы жүйесі мемлекеттік қызметтерге халықтың қол жетімділігін толығымен қамтамасыз етпейді, мемлекеттік органдардың халықпен жедел кері байланысы жоқ, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тиімділігі мен сапасының төмендігі байқалуда.

Бұған өз кезегінде мемлекеттік қызметті көрсету кезінде заманауи ақпараттық технологияларды енгізудің төмен деңгейі әсер етіп отыр.

Бүгінгі күні нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау және бюджеттеу жүйесін енгізу бойынша нормативтік құқықтық база әзірлену сатысында, республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі ақпараттық жүйелер үш жылдық жоспарлауға көшуге бейімделмеген.

Бұдан басқа, осы бағыт шеңберінде мемлекеттік органдарға функционалдық талдау жүргізу, олардың қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін енгізу және мемлекеттік қызметтерді жүйелендіру жоспарланып отыр.

Ағымдағы жылы басты мақсаты нәтижелер бойынша мемлекеттік басқарудың интеграцияланған жүйесін құру және тиімді жұмыс істеу болып табылатын жаңа редакциядағы Бюджет кодексі әзірленді, орта мерзімді қаржылық жоспарлау шеңберінде әлемде кеңінен қолданылатын "нәтижелерге бағдарланған бюджеттеу" моделі оның өзегі болып табылады. Бұл ретте, 2009 жылы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру бөлігінде Бюджет кодексіне өзгерістер енгізіледі.

Сондай-ақ, "Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы да әзірленуде.

Бұдан басқа, елді аумақтық және экономикалық орнықты дамыту мақсатында қазіргі әкімшілік-аумақтық құрылысты облыстан төмен деңгейде жетілдіру, демографиялық қысымды және заңсыз көші-қонды күшейту үшін шекара маңындағы аумақтарды бұрын таратылған ауылдық аудандарды қалпына келтіру (қажетіне қарай), сондай-ақ бұрын құрамына ауылдық округтар және басқалар енгізілген қалалардың шекараларын реттеу қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі қабылданған стратегиялық бағдары шеңберінде оны іске асырудың 2010 жылға дейінгі бірінші кезеңінің аяқталуына байланысты елді дамытуды ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлауды жалғастыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі

стратегиялық даму жоспарының жобасы әзірленетін болады.

Сондықтан Министрлік қызметінің екінші стратегиялық бағыты мемлекеттік басқару және жоспарлау жүйесін жетілдіру болып белгіленді.

Осы бағыттың өзектілігі мемлекеттік органдардың қызметін Қазақстанның алдында тұрған, оның ішінде мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған жаңа шарттар мен міндеттерге, мемлекеттік органдар өздерінің функцияларын іске асыру кезінде "мүдделер қайшылығын" болдырмауға бағдарлау, елдің 2020 жылға дейінгі дамуының ұзақ мерзімді бағыттарын айқындау қажеттілігіне негізделген.

3. Мемлекеттік орган қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.30 N 616, 2009.10.23 N 1657, 2009.12.11 N 2083 Қаулыларымен.

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлау кезеңі		
		2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
1	2	3	4	5	6	7
1-стратегиялық бағыт. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту						
1-мақсат. Экономиканың сапалы және тұрақты өсуін қамтамасыз ету						
Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р						
2009 жылы ЖІӨ-нің өсуі - 0,1 %; 2010 - 2011 жылдары 2,4 % - 2,5 %						
Негізгі капиталға инвестициялардың көлемі 2009 жылы - 2008 жылдың деңгейінен төмен емес, 2010 жылы - өткен жылға қарағанда 104,3 %, 2011 жылы - өткен жылға қарағанда 104,5 %						
Лицензияланатын қызметтің түрлерін және ішкі түрлерін 2010 жылға қарай 30 %-ға қысқарту						
Бірқатар беделді рейтингтік ұйымдар бойынша 2009 - 2011 жылдары елдің қазіргі бәсекеге қабілеттігі позицияларын 2008 жылдың деңгейінде тұрақты ұстап тұру:						
а) Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингі бойынша:						
ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік тапшылықтың үлесі 2009 жылы - 3,5 %, 2010 жылы - 3,5 %, 2011 жылы - 2,4 %;						
ЖІӨ-ге қатысты үкіметтік борыштың үлесі 2009 жылы - 10,2 %; 2010 жылы - 11,9 %; 2011 жылы - 13,1 %;						
Салық салу дәрежесі мен әсері (экономиканың мұнай емес секторына салықтық жүктемені 2009 жылы ЖІӨ-ге кемінде 2 %-ға, 2010 жылы - 0,5 %-ға, 2011 жылы - 0,5 %-ға төмендету);						
Жалпы салық ставкасы (корпорациялық табыс салығы бойынша ставканы 2009 жылы 30 %-дан 20 %-ға дейін, 2010 жылы 20 %-дан 17,5 %-ға дейін, 2011 жылы 17,5 % дан 15 %-ға дейін азайту, қосылған құн салығының ставкасын 2009 жылдан б а с т а п 1 2 % б е л г і л е у) ;						
б) Елдің егеменді кредиттік рейтингтерін инвестициялық сынып деңгейінде сақтау						
Ел ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі 2009 жылы - 31,1 %; 2010 жылы - 31,3 %; 2011 жылы - 31,5 %						
Шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілерінің саны 2009 жылы - 635 мың бірлік; 2010 жылы - 638,5 мың бірлік; 2011 жылы - 641,7 мың бірлік						
Белсенді микрокредиттік ұйымдар саны 2009 жылы - 605 бірлік; 2010 жылы - 615 бірлік; 2011 жылы - 625 бірлік						
1-міндет. Макроэкономикалық талдау және болжамдау сапасын арттыру						
Әлеуметтік-экономикалық даму және бюджет өлшемдері болжамын әзірлеу тәртібін айқындау	НҚА жобасы		1	1		
Елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу	ҚРҰ отырысының хаттамасы		1	1	1	1

Елде және әлемде болып жатқан экономикалық процестерге, соның ішінде on-line режимінде, жедел мониторинг жүргізу	ҚРҰ-ге есеп	6	12	12	12
Елде және әлемде болып жатқан экономика дамуының ағымдағы үрдісіне тоқсан сайын талдау жасау	ҚРПӘ-ге есеп	4	4	4	4
Қолданыстағы макроэкономикалы болжамдау және талдау моделін әзірлеу және жетілдіру	Модель	1	2	1	1
2-міндет. Экономиканы сауықтыруға және тұрақтандыруға бағытталған шаралардың іске асырылуын қамтамасыз ету					
Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыруды үйлестіру	ҚРҰ-ге есеп		12	12	12
Серпінді жобаларды, мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасын тиімді іске асыруды, кәсіпкерлікті, инфрақұрылымдық және басқа жобаларды республикалық бюджетте көзделген қаражат шеңберінде "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ капиталдандыру және кредит беру жолымен дамытуды қамтамасыз ету	ҚРҰ-ге ақпарат		4	4	4
Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзгерістер енгізу	ҚРҰ қаулысының жобасы		1		
Жергілікті бюджеттердің шығыстарын оңтайландыру және оларды Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспарының (Жол картасының) іс-шараларын бірлесіп қаржыландыруға қайта жіберу	ҚРҰ-ге есеп		1		
Жол картасының іс-шараларын республикалық және жергілікті бюджеттер тарапынан бірлесіп қаржыландыру өлшемдерін (республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы бірлесіп қаржыландыру тепе-теңдігінің шекті мәндерін) әзірлеу	ҚРҰ-ге есеп		1		

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін 2009 жылға арналған нысаналы трансферт туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасын әзірлеу	Жарлық жобасы			1		
3-міндет. Салықтық-бюджет саясатын жетілдіру						
Елдегі және әлемдегі экономикалық ахуалға сәйкес елдің бюджеттік өлшемдерін жедел түзетуді қамтамасыз ету	Нақтылау саны	2	2	2	1	1
Салық заңнамасын жетілдіру	НҚА жобасы		6	1	1	1
Кеден заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	НҚА жобасы			1		
4-міндет. Экономикадағы іскерлік белсенділікті қолдау						
Инвестициялық қажеттілікті анықтау және инвестициялық картаны әзірлеу	Инвестициялық карта		1	1		
Қазақстан Республикасында 2009-2013 жылдарға арналған мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту тұжырымдамасының жобасын әзірлеу	НҚА жобасы			1		
Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның жобасын әзірлеу	НҚА жобасы			1		
Жол картасы шеңберіндегі жобаларды іске асыруға әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қатысу тетіктері туралы ұсыныстар енгізу	ҚРҰ-ге есеп			1		
Инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды іске асыру тиімділігінің көрсеткіштерін айқындау	ҚРҰ-ге ақпарат			1		
Лицензиялауды қоса алғанда, рұқсат беру жүйесін жетілдіру тұжырымдамасын әзірлеу	НҚА жобасы		1			
Коммуналдық секторды кешенді жаңғырту тұжырымдамасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	НҚА жобасы		1	1		
Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рұқсат беру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Заң жобасы				1	
Мемлекеттік органдарда лицензиялау жөніндегі стандарттар мен регламенттерді енгізу	%				50	100
"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тәуелсіз салалық реттеуіштер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Заң жобасы		1			
"Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" (салалық реттеуіштер мәселелері бойынша) Қазақстан	Жарлық жобасы			1		1

Республикасының Президенті Жарлығының жобасын әзірлеу					1	
Жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру	НҚА жобасы				1	1
Кәсіпкерлікті дамыту тұжырымдамасын әзірлеу	НҚА жобасы				1	
Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жоспарлау мақсатында тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу	НҚА жобасы			30	27	
Тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу	НҚА жобасы			1		
Шағын және орта бизнестің мүдделеріне негізсіз нұқсан келтіретін, сондай-ақ ескірген және бәсекелестікке қарсы ережелерді алып тастау мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық базаны тексеру	%			10	90	
Бақылау және (немесе) қадағалау функциялары берілген мемлекеттік органдардың қызметіне шағын және орта бизнеске реттеуші әсер етуін талдауды енгізу	НҚА жобасы				1	
Шағын қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін заңнаманы жетілдіру	НҚА жобасы			1		
Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін әдіснамалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру	Құралдар саны, бірл.	8000			8000	8000
Бизнес ортаны жақсарту және Қазақстанның "Doing Business" рейтингіндегі ұстанымын арттыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру	ҚРҰ есеп			1	1	1
5-міндет. Бәсекеге қабілеттілікті, оның ішінде Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингтерін арттыру жөніндегі қызметті мониторингтеу мен талдау жүйесін жетілдіру						
Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі аспектілерін жақсарту жөніндегі қызметті мониторингтеу және талдау	ҚРҰ-ге есеп			1	1	1
Қазақстанның егемен кредиттік рейтингтері бойынша позицияларын жақсарту мақсатында жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктермен өзара тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету	ҚРҰ-ге есеп	4	4	4	4	4
2-мақсат. Экономиканың мемлекеттік секторының тиімділігін арттыру						
Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р Бәсекелі ортаға берілуі тиіс мемлекет қатысатын ұйымдардың жалпы санына бәсекелі ортаға берілген мемлекеттік ұйымдардың үлесі 2009 жылы 50 %, 2010 жылы - 70 %, 2011 жылы - 80% Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың, оның ішінде мемлекеттік холдингтер қызметінің тиімділігін корпоративтік басқару қағидаларын енгізу арқылы мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың жалпы санының 2009 жылы - 65 %-нда, 2010 жылы - 70 %-нда, 2011 жылы - 72 %-нда арттыру						
1-міндет. Барабар нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру арқылы мемлекеттік активтерді басқару жүйесін жетілдіру						
Мемлекеттік активтерді басқару жүйесін жетілдіру	НҚА жобасы			9	7	5

Мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекет қатысатын ұйымдар, оның ішінде мемлекеттік холдингтер қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу	НҚА жобасы		1			
Мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекет қатысатын ұйымдар, оның ішінде мемлекеттік холдингтер қызметінің тиімділігін бағалау	ҚРҰ-ге ақпарат				1	1
2-міндет. Экономиканың мемлекеттік секторының құрылымын жетілдіру және мемлекеттің атынан тиімді меншік иесін және менеджерді қалыптастыру						
Акциялар пакеті (қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру, тарату және бәсекелі ортаға беру, сондай-ақ жекелеген қызметтің тән емес түрлерінің мәселелері бойынша ұсыныстарды тұжырымдау	ҚРҰ-ге ұсыныс		1	1	1	1
3-міндет. Халықаралық стандарттарға сәйкес экономиканың мемлекеттік секторында корпоративтік басқару принциптерін енгізу						
Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару кодексі мен тәуелсіз директорлар институтын енгізу мониторингі	ҚРҰ-ге есеп		1	1	1	1
2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік басқару және жоспарлау жүйесін жетілдіру						
1-мақсат. Мемлекеттік, оның ішінде стратегиялық жоспарлау жүйесін қалыптастыру						
Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды оңтайландыру 2010 жылы - 100%						
1-міндет. Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін кезең-кезеңмен іске асыруды қамтамасыз ету						
Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Жарлық жобасы			1		
Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының жобасын әзірлеу	Жарлық жобасы			1		
Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесіне және Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес келтіру	%				100	
2-мақсат. Нәтижеге бағдарланған үшжылдық бюджеттік жоспарлауды енгізу						
Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жұмыс істеуінің құқықтық және әдіснамалық базасын қ а л ы п т а с т ы р у 2009 жылы - 80 %, 2010 жылы - 90 %, 2011 жылы - 100% Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесіне кезең-кезеңімен көшу 2009 жылы - 39 орталық мемлекеттік орган, 2010 жылы - 16 облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, оның ішінде - 39 облыстық маңызы бар қала, 161 - аудан						
1-міндет. Нәтижеге бағдарланған жоспарлау жүйесіне көшу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру						
Бюджет заңнамасын жетілдіру	Заң жобасы		1	1		
Бюджет кодексын іске асыруда заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу	НҚА жобасы		4	21		

Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын қалыптастыру әдіснамасын әзірлеу	НҚА жобасы		1			
Бірыңғай бюджет сыныптамасы жүйесін нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау мен бюджеттеудің жаңа жүйесінің енгізіліп отырған тәсілдері мен оның жұмыс істеуінің жаңа жүйесіне бейімдеу	НҚА жобасы		1	1		
Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесін жетілдіру	НҚА жобасы			1		
"Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2011-2013 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Заң жобасын әзірлеу	Заң жобасы				1	
2-міндет. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеу						
Мемлекеттік органдар үшін тренингтер мен консультациялар өткізуді ұйымдастыру	Тренингтер, консультациялар		30	110		
Министрліктің және республикалық бюджетті әзірлеуге қатысатын мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарын үшжылдық бюджеттік жоспарлауға көшуге бейімдеу	Ақпараттық жүйе		1	1	1	1
Үшжылдық кезеңге арналған республикалық бюджетті әзірлеу	Заң жобасы		1	1	1	1
3-мақсат. Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру						
Нысаналы индикаторлар						
Мемлекеттік қызметтердің тізіліміне енгізу:						
2009 жылы - жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін 30 %;						
2010 жылы - жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер 60 %;						
2011 жылы - жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтер 100 %						
1-міндет. Мемлекеттік қызметтерді тәртіпке келтіру						
Мемлекеттік қызметтердің тізбесін кеңейту	НҚА жобасы			1	1	1
Электрондық мемлекеттік қызметтердің жай-күйін зерттеу және олардың жай-күйін бағалау әдістемесін әзірлеу	ҚРҰ-ге ұсыныстар			1		
2-міндет. Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру						
Өңірлердің жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктердің) өздерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының қарқындылығын қамтамасыз етуге бағытталған қызметін рейтингтік бағалау жүйесін жетілдіру	Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімі			1		
Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының қазіргі жүйесінің тиімділігін талдау және оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау	ҚРҰ-ге ұсыныс				1	

Мемлекеттік басқару құрылымын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау	Қ Р Ү - ге ұсыныс					1
4-мақсат. Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру жүйесін жетілдіру (құпия)						

4. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.04.30 N 616, 2009.10.23 N 1657, 2009.12.11 N 2083 Қаулыларымен.

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Мемлекеттік органның мемлекеттің стратегиялық мақсаттарын іске асыруға бағытталған қызметі	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1	2	3
1-стратегиялық бағыт. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жаңғырту		
	<p>Білімге негізделген бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту. Біз мыналарға қол жеткіземіз 2012 жылы ЖІӨ-нің көлемін 1,5 есеге, жан басына шаққандағы көрсеткішті 13 мың АҚШ долларына арттыруға; Жер қойнауын пайдаланудан түсетін табысты тиімді п а й д а л а н у .</p> <p>Мұнай секторынан түсетін түсім қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін серпінді экономикалық жобаларды дамытуға және іске асыруға бағытталуы тиіс. Біз Ұлттық қордың қаражаттарын пайдалану тиімділігін арттыруға ұмтыламыз. Бағалардың өсуін шектеу, инфляциямен күрес. Тауарлардың қымбаттауы мен инфляция қазақстандықтардың табыстарын "жеп қоюын" болдырмауымыз керек. Біз қатаң түрде инфляцияны ауыздықтауға ықпал етеміз.</p> <p>"Макроэкономикалық саясаттың басымдықтары т у р а л ы "</p> <p>Біріншіден. Біз жеке де, мемлекеттік секторда да жүйелі тәуекелдерді басқаруды дамытуымыз керек. Үкімет, ҚҚА және Ұлттық банк тәуекелдерді басқарудың икемді және сенімді жүйесін құруы тиіс.</p>	<p>"Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы платформасы</p>
	<p>Сондай-ақ, күтпеген ахуалдарға жедел ден қою шараларының жүйесін әзірлеу міндеті де тұр. Төртінші. Инфляцияға қарсы күресті күшейту қажет. Инфляцияның жаһандық экономикалық үдерістер тарапынан болатын қысымның күшейе түсуінен де ұлғайып отырғанын ескеріп, Үкімет тарапынан ойластырылған және барабар іс-қимылдар қабылдауы қажет. Біз жалпыға ортақ демократиялық даму заңдылықтары мен біздің қоғамның дәстүрін</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік</p>

	<p>ұштастырған саяси және мемлекеттік құрылымының қазақстандық үлгісін жетілдіру жолында одан әрі қадамдар жасамақпыз.</p>	<p>саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
	<p>Біз мыналарға қол жеткіземіз: Қазақстанды индустриалық-инновациялық дамыту үшін инвестициялық ахуалды жақсарту, өңірлердің экономикалық өсуін жеделдету; мемлекеттің қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алулар жүйесін жетілдіру, электрондық сауданы енгізу.</p>	<p>"Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы платформасы</p>
	<p>Екінші - экономиканың негізгі секторларын озық инфрақұрылымдық қамтамасыз ету. Концессиялық жобаларды тартымды ету және жандандыру үшін Үкімет қолданыстағы заңнамалық және нормативтік базаны жетілдіруі тиіс. Жетінші. Үкімет шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру жөніндегі дәйекті жұмысты жалғастыруға тиіс. Әкімшілік реформа шеңберінде Үкіметке бизнеске түсетін әкімшілік жүктемені табанды түрде азайтуды, рұқсат беру жүйесін, ең алдымен лицензиялауды, сертификаттауды, аккредиттеуді одан әрі оңайлатуды т а п с ы р а м ы н . Білімге негізделген бәсекеге қабілетті экономиканы д а м ы т у . Экономикалық өсудің бәсекеге қабілеттілігін үнемі арттыру және білімге негізделген озық экономикаға көшу негізінде оның жоғарғы қарқынына қол жеткізіледі. Қазақстандық тауарлар мен қызметтердің сапасы жоғары және шетелдерде сұранысқа ие болуы тиіс.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясатының басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
<p>1-мақсат. Экономиканың сапалы және тұрақты өсуін қамтамасыз ету</p>		

Қаражаттың басқа бір көзі - бұл бюджеттің барлық шығындық баптары бойынша қатаң үнемдеу және аса қатал қаржы тәртібі. Осыны ескере отырып Үкіметке республикалық бюджет шығындарын оңтайландыруды және апта сайынғы мониторинг режимінде бюджеттік қаражаттың жұмсалудың жіті бақылауды тапсырамын. Нақ осы тұрлаулы дамудың негізі болып табылады. Өңірлік жұмыспен қамтылуды және кадрлардың қайта даярлануын қамтамасыз ету үшін мен Үкіметке кем дегенде 140 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Жергілікті бюджеттерден де жұмыспен қамту стратегиясын бірлесе қаржыландыруға ресурстар бөлінуге тиіс.

Жұмысынан айырылғандар үшін жаңа жұмыс орындарын құратын боламыз. Біз кем дегенде 350 мың қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз ете аламыз, бұл қазіргі қоғамдық жұмыстарды есептемегенде. Бізде еңбек рыногын дамыту үшін мүмкіндіктер бар, оларды ойлап табу керек емес. Нақ осыған біз қосымша бөлінген қаражатты жұмсаймыз. Біріншіден, бұл коммуналдық желілерді қайта жарактандыру және жаңғырту. Бұл - сумен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, энергетика мен кәріз сулардың нысандары мен желілері.

Екіншіден, бұл жергілікті мәндегі автомобиль жолдарын салу, қайта жарактандыру және жөндеу, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды, ең алдымен мектептер мен ауруханаларды жаңарту. Бұл енді ӘКК-лердің міндеті, олар халықтың барынша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге міндетті.

		наурыздағы "Дағдарыстан жанару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауы
	Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау. Елге серпінді дамыған шағын және орта кәсіпкерлік қажет. Қазақстан ЖІӨ-сіндегі шағын және орта бизнес субъектілерінің үлесі кемінде 40 %-ды құрауға тиіс. Біз мыналарға қол жеткіземіз: - кәсіпкерлік, әкімшілік кедергілерді жою мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; - шағын және орта бизнес субъектілері үшін салық салу, қаржылық-кредиттік қолдау жүйелерін жетілдіру.	"Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезінде қабылданған "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы платформасы
	Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу	"Қазақстан Республикасы Президентінің "Нұр Отан" ХДП-ның 2009 жылғы 15 мамырдағы кезектен тыс XII съезінде берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 2 маусымдағы N 326 Өкімі
2-мақсат. Экономиканың мемлекеттік секторының тиімділігін арттыру	2.4. Мемлекеттік активтерді тиімді басқару. Үкімет мемлекет активтерін басқарудың ашық және айқын жүйесін жасауы қажет.	Мемлекет Басшысының 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" атты Қазақстан халқына Жолдауы
	Сондай-ақ жоспарлау жүйесін жаңарту мен жетілдіру, бюджет қаражатын пайдалану мен мемлекеттік активтерді басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты шұғыл түрде жеделдету керек.	Мемлекет Басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауы
	Жер қойнауын пайдаланудан түсетін түсімдерді тиімді пайдалану. Мұнай секторынан түсетін түсімдер Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін серпінді экономикалық жобаларды дамытуға және іске асыруға бағытталуы тиіс. Біз ұлттық компаниялар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге, оларды басқару және жұмыс істеу тетіктерін заңнамалық бекітуге ұмтылатын боламыз.	"Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезі қабылдаған "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы платформасы
2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік басқару және жоспарлау жүйесін жетілдіру		
1-мақсат. Мемлекеттік, оның ішінде стратегиялық жоспарлау жүйесін де реформалау	24-бағыт - әкімшілік реформаларды іске асыру және атқарушы билікті жаңғырту. Біз корпоративтік басқару, нәтижелілік, транспаренттілік және қоғам алдындағы есептілік қағидағары негізінде үздік халықаралық тәжірибеге сүйеніп, мемлекеттік басқарудың сапалы жаңа үлгісін түзудеміз.	Ел Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына Жолдауы
	Біріншіден, Үкімет әкімдермен бірлесе отырып, бағдарламалық құжаттарды әзірлеу мен олардың мазмұнына көзқарасты түбегейлі өзгертуі тиіс. Әрбір мемлекеттік органның стратегиялық жоспары болуы керек, барлық мемлекеттік органдар қызметінің	

	<p>мақсаты, басымдықтары айқындалып, нысаналы көрсеткіштері белгіленуге, әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмысы соларға жетуге бағдарлануы ш а р т .</p> <p>Үшіншіден, тиімділікті, нәтижелілікті, бақылаушылықты және ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік жоспарлауды жетілдіру қажет.</p>	<p>Ел Президентінің 2007 жылғы 28 ақпандағы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
<p>2-мақсат. Нәтижеге бағдарланған үшжылдық бюджеттік жоспарлауды енгізу</p>	<p>"2. Қазақстандық мемлекеттілікті одан әрі нығайту, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру".</p> <p>Демократиялық дамудың жалпыға бірдей танылған заңдылықтары мен біздің қоғамымыздың дәстүрлерін үйлестіре отырып, біз одан әрі де саяси және мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін жетілдіру жолымен жүре беретін боламыз.</p> <p>Бесінші. Келесі жылдан бастап еліміздің тарихында тұңғыш рет мемлекеттік бюджеттік жоспарлаудың жаңа жүйесінің негізі үш жылдық бюджет болады. Бұл үшін Үкімет ағымдағы жылдың өзінде жаңа Бюджет кодексін әзірлеуі қажет. Сондай-ақ жоспарлау жүйесін жаңарту мен жетілдіру, бюджет қаражатын пайдалану мен мемлекеттік активтерді басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі жұмысты шұғыл түрде жеделдету керек.</p>	<p>Мемлекет Басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" Қазақстан халқына Жолдауы</p>
	<p>2. Екінші басымдық: Қазақстан экономикасын орнықты экономикалық өсудің іргетасы ретінде одан әрі жаңғырту және әртараптандыру. "Электрондық үкімет" жүйесін шұғыл енгізу қажеттігін әдейі баса көрсеткім келеді. Ол мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттырып, сыбайлас жемқорлық пен әкімшілік кедергілерді кемітуге қол жеткізеді.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
	<p>24-бағыт - әкімшілік реформаларды іске асыру және атқарушы билікті жаңғырту.</p> <p>"Тоғызыншыдан, мемлекеттік органдардың қызметін бағалау азаматтарға көрсетілетін қызметтің тиімділігі мен сапасы, мемлекеттік, салалық, өңірлік және бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың нәтижелерін ескере отырып, жүргізілуі тиіс".</p> <p>"Оныншыдан, "электрондық үкімет" құру жөніндегі жұмыстың нәтижелеріне мұқият талдау жүргізу керек. Осыны ескере отырып, әлемнің озық елдерінің тәжірибесіне сүйеніп, осы заманғы ақпараттық технологияларды енгізуді жалғастыра беру қажет болады".</p>	<p>Мемлекет Басшысының 2007 жылғы 28 ақпандағы "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>
<p>3-мақсат. Мемлекеттік басқару</p>	<p>2. Қазақстандық мемлекеттілікті одан әрі нығайту, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру.</p> <p>Төртінші. Үкімет әкімшілік реформада көзделген Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесін үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, нәтижелілік, ашықтық және қоғам алдындағы есептілік негізінде дамыту жөніндегі шараларды жедел қарқынмен іске а с ы р у ы т и і с .</p>	<p>М е м л е к е т Басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы " Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру -</p>

жүйесінің тиімділігін арттыру	Әкімшілік реформаның басты мақсаты басқарушы аппарат жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру болуға тиіс.	Мемлекеттік саясаттық басты мақсаты" Қазақстан халқына Жолдауы
	<p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес</p> <p>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрес елді орнықты дамытудың маңызды шарттары.</p> <p>Біз мыналарға шақырамыз:</p> <p>барлық деңгейдегі атқарушы органдар қызметтерінің ашықтығын арттыру, мемлекеттік органдар қызметінің қорытындылары бойынша жыл сайынғы есептерді жариялау тәжірибесін енгізу; елде халыққа қызмет көрсету орталықтарын қажетті көлемде ашу, "электрондық үкімет" пен "электрондық әкімдікті" одан әрі дамыту. Бұл азаматтардың шенеуніктерден тәуелділігін азайтуға мүмкіндік береді және сыбайлас жемқорлық үшін алғы шарттарды түбегейлі қысқартады; мемлекеттің бақылау-қадағалау функциясын және мемлекеттік бақылаушы органдардың санын одан әрі қысқарту.</p> <p>Мемлекеттік органдар жұмыстарының тиімділігін арттыру.</p> <p>Әкімшілік реформаны жүргізуді жеделдету қажет және Үкімет жұмысының тиімділігін тұрақты арттыруға қол жеткізуіміз керек.</p> <p>Біз басқарудың бюрократиялануын төмендетуге, мемлекеттік аппарат құрылымын оңтайландыруға ұмтыламыз.</p>	"Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының 2007 жылғы 4 шілдедегі кезектен тыс XI съезі қабылдаған "Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясының сайлау алдындағы платформасы

5. Функционалдық мүмкіндіктер мен ықтимал тәуекелдер

